

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ «АКАДЕМИК  
Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»

БЕКІТЕМІН

КеАҚ «Академик Е.А.Бөкетов  
атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу  
университетінің» Басқарма төрағасы –  
Ректор Н.О. Дулатбеков



« 29 »  
2026 г.

Buketov&EcoProf KZ Academy  
Құзыреттер орталығының қызметі туралы

ЕРЕЖЕ

Қарағанды, 2026

## Мазмұны

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРЫ.....	4
3	ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
4	ОРТАЛЫҚТЫ ҚҰРУ НЕГІЗДЕМЕСІ.....	6
5	ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	7
6	ОРТАЛЫҚТЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ.....	8
7	ОРТАЛЫҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	9
8	ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ.....	10
9	ТАРАПТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	11
10	ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	12
11	ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН НОРМАТИВТІК-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ....	13
12	ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	14
13	ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ.....	15
14	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	16

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Buketov&EcoProfKZ Academy құзыреттер орталығының (бұдан әрі – Орталық) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құрылымын, қызметін ұйымдастыру тәртібін және тараптардың өзара іс-әрекеттерін айқындайды.

1.2. Орталық тәжірибелік бағытталған мамандар даярлауды дамыту мақсатында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті (бұдан әрі – Университет) мен «EcoProf KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Компания) арасындағы стратегиялық әріптестік аясында құрылады.

1.3. Орталықты құру мен оның қызметінің негізі – Университет пен Компания арасында жасалатын ынтымақтастық туралы Келісім болып табылады. Бұл Келісім тараптардың өзара іс-әрекет шарттарын, функциялар, ресурстар мен жауапкершілікті бөлуді, сондай-ақ бірлескен білім беру, ғылыми және қолданбалы қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1.4. Орталық Университеттің биология-география факультеті (БГФ) базасында жұмыс істейді және Орталықтың білім беру, зерттеу және жобалық міндеттерін іске асыру үшін пайдаланылатын №317 мамандандырылған аудиторияда орналасады.

1.5. Орталық дербес заңды тұлға болып табылмайды және индустриялық әріптес ретінде Компанияның қатысуымен Университеттің ұйымдастырушылық құрылымы шеңберінде өз қызметін жүзеге асырады.

1.6. Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде «Білім туралы» заңды, «Ғылым туралы» заңды, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Университеттің Жарғысын, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын, Университет пен Компания арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді және осы Ережені басшылыққа алады.

1.7. Орталық Университет пен Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтай отырып Университет пен Компанияның бірлескен ұстанымдарын ескерумен қалыптастырылатын өз атауы мен логотипін пайдалана алады.

1.8. Орталық өзінің қызмет бағыттары бойынша білім беру процесін, қолданбалы ғылыми зерттеулерді және кәсіби қызметті біріктіруді (интеграциялауды) қамтамасыз ететін білім беру, ғылыми және аналитикалық платформа ретінде құрылады.

1.9. Орталықтың қызметі экология, қоршаған ортаны қорғау, биологиялық алуантүрлілікті сақтау, табиғатты пайдалану және тұрақты даму салаларында кәсіби құзыреттері бар, ғылыми білімді практикалық міндеттерді шешуде қолдана алатын мамандарды даярлау үшін заманауи білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

1.10. Орталық білім беру процесінде іске асырылған жобаларды, практикалық кейстерді, мониторинг деректерін, сондай-ақ зертханалық және далалық зерттеулер нәтижелерін және Орталық қызметінің бейініне сәйкес келетін талдамалық материалдарды пайдалану арқылы білім беру, ғылыми және жобалық қызметтің интеграциясын қамтамасыз етеді.

1.11. Орталық Университетте мамандар даярлау сапасын қамтамасыз ету жүйесінің элементі болып табылады және сапаны басқару қағидаттарын, оның ішінде үдерістік тәсілді, нәтижеге бағдарлануды, мүдделі тараптарды тартуды және қызметті үздіксіз жетілдіруді ескере отырып жұмыс істейді.

1.12. Орталық қызметі келесі қағидаттарға негізделеді:

- а) білім беру процесінің практикалық бағыттылығы;
- ә) білім беру, ғылым және кәсіби қызметтің интеграциясы;
- б) мамандар даярлауда пәнаралық тәсіл;
- в) салалық және ғылыми қауымдастықпен өзара іс-әрекет;

г) білім беру және ғылыми үдерістердің ашықтығы мен икемділігі;

ғ) мамандар даярлау сапасын қамтамасыз ету және арттыру.

1.13. Орталық өз қызметін Университеттің, білім алушылардың, кәсіби қауымдастықтың және жалпы экологиялық саланың мүдделеріне сай жүзеге асырады, білім беру бағдарламаларын, ғылыми зерттеулерді және мамандардың практикалық даярлығын дамытуға ықпал етеді.

## **2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРЫ**

Осы Ережеде келесі негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

2.1. Buketov&EcoProfKZ Academy құзыреттер орталығы (Орталық) – Университет базасында Компанияның қатысуымен құрылған, экология, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану және тұрақты даму салаларында білім беру процесін, қолданбалы зерттеулер мен кәсіби қызметті интеграциялауды қамтамасыз ететін бірлескен білім беру, ғылыми және талдамалық платформа.

2.2. Университет – «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КЕАҚ.

2.3. Компания (EcoProf KZ) – Орталықтың индустриялық әріптесі болып табылатын және білім беру, ғылыми және қолданбалы қызметті жүзеге асыруға қатысатын «EcoProf KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

2.4. Ынтымақтастық туралы келісім – Университет пен Компания арасында жасалатын, Орталықты құру мен оның қызметінің құқықтық, ұйымдастырушылық және ресурстық негіздерін айқындайтын екіжақты құжат.

2.5. Практикаға бағытталған даярлау – теориялық оқытуды нақты кәсіби міндеттерді шешумен, салалық кейстерді пайдаланумен және білім алушылардың қолданбалы жобаларға қатысуымен біріктіруді көздейтін білім беру процесінің моделі.

2.6. Үздіксіз зерттеу даярлығы – студенттің оқу кезеңі бойы жеке зерттеу тақырыбын қалыптастырып, дамытуын көздейтін білім беру моделі (курстық жұмыстарды орындау, тәжірибеден өту, бітіру жұмысына дайындықты қоса алғанда).

2.7. Іске асырылған кейстер банкі – білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру үшін оқу процесінде қолданылатын нақты экологиялық жобалар мен практикалық жұмыстардың жүйеленген базасы.

2.8. Экологиялық дата-хаб – Орталықтың білім беру және ғылыми қызметінде қолданылатын экологиялық деректерді жинақтауға, сақтауға, өңдеуге және талдауға арналған ақпараттық-талдамалық жүйе.

2.9. Экологиялық деректер – қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттың жиынтығы, оның ішінде мониторинг нәтижелері, зертханалық және далалық зерттеулер деректері, сондай-ақ экологиялық жобалар мен зерттеулер аясында алынған мәліметтер.

2.10. Білім алушылардың бақылау тобы – 2026 жылы «Экология» білім беру бағдарламасына қабылданған студенттер тобы, мамандар даярлау моделінің тиімділігін жүйелі бағалау үшін жұмылдырылады.

2.11. Индустриялық әріптес – Орталық қызметіне қатысатын және білім беру мен ғылыми қызметке практикалық, сараптамалық және жобалық қолдау көрсететін ұйым.

2.12. Білім беру бағдарламасы – экология саласында мамандар даярлауға бағытталған пәндер, тәжірибелер, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметтің жиынтығы.

2.13. Студенттердің практикасы – теориялық білімді бекітуге және нақты немесе модельденген кәсіби ортада кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған білім беру қызметінің түрі.

2.14. Жобалық қызмет – білім алушылар мен оқытушылардың экология саласындағы қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған қызметі, соның ішінде нақты экологиялық жобаларға қатысу.

2.15. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі – жаңа білім алуға, зерттеулер жүргізуге, деректерді талдауға және ғылыми жұмыстар дайындауға бағытталған қызмет.

2.16. Кәсіби құзыреттер – маманның экология және табиғатты пайдалану саласындағы кәсіби міндеттерді орындау қабілетін қамтамасыз ететін білім, дағдылар мен біліктер жиынтығы.

2.17. Мүдделі тараптар – Орталық қызметінің нәтижелеріне қызығушылық танытатын тұлғалар мен ұйымдар (Университет, Компания, білім алушылар, жұмыс берушілер, мемлекеттік органдар және кәсіби қауымдастық).

2.18. Семинар – теориялық және практикалық мәселелерді талқылауға, талдамалық дағдыларды дамытуға және кәсіби міндеттерді шешуде білімді қолдану қабілетін қалыптастыруға бағытталған оқу сабағының түрі.

2.19. Әдістеме – білім беру, ғылыми немесе практикалық қызметті ұйымдастыруда қолданылатын тәсілдер, қағидаттар, әдістер мен рәсімдердің жүйеленген сипаттамасы.

2.20. Білім беру пәні – маман даярлау шеңберінде белгілі бір білім, білік және құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі.

2.21. Практикалық сабақтар – теориялық білімді қолдануға және кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқу қызметінің түрі.

2.22. Зертханалық сабақтар – жабдықтарды, құралдарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, эксперименттік, талдамалық немесе зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздейтін оқу қызметінің түрі.

2.23. Жазғы лагерь (далалық экологиялық лагерь) – оқу аудиториясынан тыс жерде өткізілетін, далалық зерттеулер жүргізуге, деректер жинауға және практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқу және зерттеу қызметін ұйымдастыру нысаны.

2.24. Микробіліктілік – нақты кәсіби міндеттерді орындауға бағытталған жеке модуль немесе құзыреттер кешенін меңгерудің расталған нәтижесі, белгіленген үлгідегі сертификат немесе өзге құжат түрінде рәсімделеді.

2.25. Икемді дағдылар (soft skills) – кәсіби ортада тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін коммуникативтік, басқарушылық, талдамалық және мінез-құлық құзыреттерін қамтитын әмбебап дағдылар жиынтығы.

2.26. Өндірістік практика – нақты кәсіби қызмет жағдайында теориялық білімді бекітуге және практикалық жұмыс тәжірибесін алуға бағытталған білім беру қызметінің түрі.

2.27. Дипломалды практика – біліктілік бітіру жұмысын орындау үшін қажетті материалдарды жинауға, талдауға және жүйелеуге бағытталған студенттің практикалық даярлығының қорытынды кезеңі.

2.28. Тағылымдама – білім алушының ұйым немесе жоба қызметіне уақытша қатысуын көздейтін, кәсіби тәжірибе жинауға, құзыреттерді бекітуге және экологиялық саладағы нақты жұмыс жағдайларымен танысуға бағытталған практикалық даярлық түрі.

2.29. Дағды – білімге, тәжірибеге және практикалық дайындыққа негізделген белгілі бір әрекеттерді орындау қабілеті, кәсіби міндеттерді тиімді шешуді қамтамасыз етеді.

2.30. Кері байланыс – білім алушының қызмет нәтижелері туралы ақпаратты алу және талдау процесі, қалыптасқан құзыреттер деңгейін бағалауға, даму аймақтарын анықтауға және білім беру процесін түзетуге бағытталған.

### **3 ҚЫСҚАРТУЛАР**

Осы Ережеде келесі қысқартулар пайдаланылады:

- 3.1. БГФ – академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің биология-география факультеті.
- 3.2. ББЖ – білікті бітіру жұмысы.
- 3.3. ҚОӘБ – қоршаған ортаға әсерді бағалау.
- 3.4. КЭР – кешенді экологиялық рұқсат.
- 3.5. ESG – Environmental, Social, Governance (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару факторлары).
- 3.6. ГАЗ – геоақпараттық жүйелер.
- 3.7. ҚР – Қазақстан Республикасы.
- 3.8. ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы.
- 3.9. КРІ – негізгі тиімділік көрсеткіштері.
- 3.10. ББ – білім беру бағдарламасы.
- 3.11. ПОҚ – профессорлық-оқытушылар құрамы.

#### **4 ОРТАЛЫҚТЫ ҚҰРУ НЕГІЗДЕМЕСІ**

4.1. Buketov&EcoProfKZ Academy құзыреттер орталығын құру кәсіби білім беру сапасына және түлектердің практикалық даярлығына қойылатын талаптардың артуы жағдайында экология, табиғатты пайдалану және тұрақты даму салаларында мамандар даярлау жүйесін жетілдіру қажеттілігімен негізделеді.

4.2. Экологиялық саланың қазіргі дамуы экологиялық мониторингтің жаңа технологияларын енгізумен, экологиялық реттеу жүйелерінің дамуымен, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының күшеюімен және тұрақты даму бойынша халықаралық күн тәртібінің кеңеюімен байланысты мамандарға қойылатын талаптардың күрделенуімен сипатталады. Осы жағдайларда тек іргелі білімге ғана емес, сонымен қатар экологиялық деректермен, жобалық құжаттамамен, мониторинг нәтижелерімен және талдамалық құралдармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларына ие мамандарға деген қажеттілік арта түсуде.

4.3. Экология саласындағы қолданыстағы жоғары білім беру бағдарламалары негізінен теориялық даярлыққа бағытталған, бұл білім алушыларда нақты салалық ортада жұмыс істеу үшін қажетті тұрақты кәсіби құзыреттерді қалыптастыру мүмкіндіктерін шектейді.

4.4. Орталықты құру білім беру процесін қолданбалы ғылыми зерттеулермен және кәсіби қызметпен интеграциялау арқылы академиялық даярлық пен экологиялық саланың практикалық талаптары арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған.

4.5. Орталықты құрудың маңызды негіздерінің бірі – экологиялық жобаларды іске асыруда, зерттеулер жүргізуде, зертханалық сынақтар өткізуде, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын верификациялауда және Орталық қызметінің бейініне сәйкес өзге де міндеттерді шешуде практикалық тәжірибесі бар «EcoProf KZ» ЖШС-мен тұрақты өзара іс-әрекетті қалыптастыру қажеттілігі.

4.6. Компанияның Орталық қызметіне қатысуы білім алушыларға нақты жобаларға, кәсіби сараптамаға және экологиялық қызметтің заманауи құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл мамандар даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

4.7. Орталықты құру сондай-ақ білім беру процесінде нақты экологиялық кейстерді, мониторинг деректерін және зерттеу нәтижелерін пайдалануды көздейтін тәжірибеге бағытталған оқыту моделін енгізу қажеттілігімен байланысты.

4.8. Орталықты құрудың тағы бір маңызды негізі – білім алушылардың зерттеу қызметін дамыту және оларда экологиялық деректерді жинау, өңдеу, түсіндіру және шешім қабылдау кезінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі.

4.9. Орталық қызметі шеңберінде білім алушылардың оқу кезеңі бойы жеке зерттеу тақырыптарын қалыптастырып, дамытуын көздейтін үздіксіз зерттеу даярлығы моделін енгізу қарастырылады.

4.10. Орталықты құрудың қосымша негізі – білім алушылардың кәсіби құзыреттерінің даму динамикасын талдау негізінде мамандар даярлау сапасын бағалау жүйесін қалыптастыру қажеттілігі.

4.11. Аталған жүйені іске асыру үшін Орталық қызметі аясында 2026 жылы «Экология» білім беру бағдарламасына қабылданған білім алушылардың бақылау тобы қалыптастырылады, олардың даярлық деңгейіне жыл сайын мониторинг жүргізіліп, нәтижелері алдыңғы түлектердің көрсеткіштерімен салыстырылады.

4.12. Орталықты құру Қазақстан Республикасы жоғары білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкес келеді, олар мамандар даярлау сапасын арттыруға, қолданбалы зерттеулерді дамытуға және университеттердің кәсіби ортамен өзара іс-әрекетін күшейтуге бағытталған.

4.13. Орталық қызметін іске асыру білім беру, ғылым және тәжірибені біріктіретін, әрі қазіргі экологиялық сын-қатерлер жағдайында тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлауға ықпал ететін заманауи білім беру экожүйесін қалыптастыруға бағытталған.

## **5 ОРТАЛЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

5.1. Орталықты құру және оның қызметінің мақсаты – экология, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану және тұрақты даму салаларында мамандар даярлаудың тұрақты тәжірибелік-бағдарланған моделін қалыптастыру. Бұл модель экологиялық саланың заманауи талаптарын ескере отырып, білім беру процесін, ғылыми зерттеулерді және кәсіби қызметті біріктіруді қамтамасыз етеді.

5.2. Аталған мақсатқа қол жеткізу білім алушылардың теориялық даярлығы қолданбалы жобаларға қатысу, нақты экологиялық деректерді талдау және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған зерттеу жұмыстарын орындау арқылы толықтырылатын білім беру ортасын құруды көздейді.

5.3. Орталық білім алушыларда кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл құзыреттерге экологиялық талдау жүргізу, жобалық қызмет, мониторинг деректерімен жұмыс істеу дағдылары, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында негізделген шешімдер қабылдау қабілеті кіреді.

Мақсатқа жету үшін Орталық келесі міндеттерді орындайды:

5.4. Білім беру қызметі саласындағы міндеттер

5.4.1. «Экология» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысып, олардың тәжірибеге бағытталуын және салалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету.

5.4.2. Білім беру процесіне тәжірибеге бағдарланған оқыту нысандарын (нақты экологиялық кейстер, жобалық тапсырмалар, экологиялық зерттеу деректері) енгізу.

5.4.3. Білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру үшін әртүрлі оқу сабақтарын (практикалық, зертханалық, семинарлық) ұйымдастыру және өткізу.

5.4.4. Білім беру процесіне Компания өкілдері мен салалық мамандардың қатысуын (дәрістер, мастер-кларстар, консультациялар) қамтамасыз ету.

5.5. Ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы міндеттер

5.5.1. Білім алушылар мен оқытушыларды өзекті экологиялық мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне тарту.

5.5.2. Зерттеулер жүргізуді (экологиялық деректерді жинау, өңдеу, талдау), ғылыми жарияланымдар дайындауды және ғылыми іс-шараларға қатысуды ұйымдастыру.

5.5.3. Үздіксіз зерттеу даярлығы моделінің аясында білім алушылардың зерттеу құзыреттерін дамыту (курстық жұмыстан бастап бітіру жұмысына дейінгі жеке тақырып).

5.6. Жобалық және қолданбалы қызмет саласындағы міндеттер

5.6.1. Білім алушылардың қолданбалы экологиялық жобаларға (мониторинг, ҚОӘБ, қалдықтарды басқару және т.б.) қатысуын ұйымдастыру.

5.6.2. Жобалық қызметті білім беру процесіне интеграциялау (нақты міндеттер негізінде курстық және бітіру жұмыстары).

5.6.3. Білім алушыларда жобалық жұмыс дағдыларын (міндет қою, деректерді талдау, шешімдер әзірлеу) қалыптастыру.

5.7. Талдау және ақпараттық қызмет саласындағы міндеттер

5.7.1. Қазақстан Республикасындағы нақты жобалар негізінде экологиялық кейстер банкін қалыптастыру және дамыту.

5.7.2. Экологиялық деректерді жинақтау, сақтау және талдау үшін экологиялық дата-хаб құру және дамыту.

5.7.3. Экологиялық деректер мен талдамалық материалдарды білім беру процесінде және ғылыми зерттеулерде пайдалануын қамтамасыз ету.

5.8. Ұйымдастыру және әріптестік саласындағы міндеттер

5.8.1. Университет пен Компанияның білім беру, ғылыми және қолданбалы бастамалар аясындағы өзара іс-әрекеттерін бағдарлау.

5.8.2. Білім беру, ғылыми және кәсіби іс-шараларды (семинарлар, конференциялар, тәжірибелер, тағылымдамалар) ұйымдастыру.

5.8.3. Орталық қызметін дамыту үшін сыртқы ұйымдармен (кәсіпорындар, ғылыми мекемелер, мемлекеттік органдар) іс-әрекеттесуді қамтамасыз ету.

5.9. Сапаны қамтамасыз ету және тиімділікті бағалау саласындағы міндеттер

5.9.1. Сапа менеджменті қағидаттарын (үдерістік тәсіл, нәтижеге бағдарлану, үздіксіз жетілдіру) іске асыру.

5.9.2. Білім алушыларды даярлау мен Орталық қызметінің тиімділігін бағалау әдістемелерін әзірлеуге және енгізуге қатысу.

5.9.3. Білім алушылардың кәсіби құзыреттер деңгейіне мониторинг жүргізу (жыл сайын, 2026 жылы қабылданған бақылау тобы үшін).

5.9.4. Орталық қызметінің нәтижелерін талдау және білім беру моделін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

5.10. Аталған міндеттерді іске асыру мамандар даярлау сапасын арттыруға, қолданбалы экологиялық ғылымды дамытуға, Университет пен кәсіби орта арасындағы өзара іс-әрекетті нығайтуға, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби қалыптасуына және олардың экологиялық салаға табысты интеграциялануына жағдай жасауға бағытталған.

## **6. ОРТАЛЫҚТЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

6.1. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін Орталық келесі негізгі функцияларды орындайды:

а) білім беру функциясы – оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу, тәжірибеге бағдарланған оқыту әдістерін енгізу, Компания мамандарын қатыстыру;

ә) ғылыми-зерттеу функциясы – білім алушылар мен оқытушыларды ҒЗЖ-ға тарту, зерттеулер ұйымдастыру, үздіксіз зерттеу даярлығын дамыту;

б) жобалық және қолданбалы функция – білім алушылардың нақты экологиялық жобаларға қатысуын ұйымдастыру, жобалық қызметті білім беру процесіне интеграциялау;

в) талдамалық функция – экологиялық кейстер банкін қалыптастыру және жүргізу, экологиялық дата-хабты құру және дамыту, деректерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;

г) ұйымдастырушылық-әріптестік функция – Университет пен Компанияның өзара іс-әрекетін бағдарлау, іс-шаралар өткізу, сыртқы байланыстарды дамыту;

ғ) бақылау-бағалау функциясы – білім алушылардың кәсіби құзыреттеріне мониторинг жүргізу, қызмет нәтижелерін талдау, білім беру моделін жетілдіру.

6.2. Орталық қызметінің негізгі бағыттары: мамандарды тәжірибеге бағдарлап даярлау, зерттеу қызметін дамыту, экологиялық кейстер банкін қалыптастыру, экологиялық дата-хаб құру, саламен өзара іс-әрекеттерді дамыту, экологиялық практикалар мен деректер базасын қалыптастыру болып табылады. Аталған бағыттарды іске асыру жоғарыда көрсетілген функцияларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі.

6.3. Функцияларды іске асыру Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің, Компанияның және өзге де мүдделі тараптардың өзара іс-әрекеті арқылы, осы Ереже мен Үнтымақтастық туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

## **7. ОРТАЛЫҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

7.1. Орталықтың ұйымдастырушылық құрылымы Университет пен Компанияның тиімді өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету, білім беру, ғылыми және қолданбалы қызметті үйлестіру, сондай-ақ Орталықтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру қажеттілігіне сәйкес қалыптастырылады.

7.2. Орталық қызметін басқару жауапкершілікті Университет пен Компания арасында бөлу, қатысушылар қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету және нәтижеге бағдарлану қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

7.3. Орталық құрылымына мыналар кіреді:

а) Орталық басшысы;

ә) Компания тарапынан Орталық бағдарлаушысы;

б) Орталықтың жұмыс тобы;

в) Орталық қызметіне қатысушылар (Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы, Компания мамандары және білім алушылар).

*Орталық басшысы*

7.4. Орталықтың қызметіне жалпы басшылықты Университет қызметкерлері арасынан Университет тағайындайтын Орталықтың басшысы жүзеге асырады.

7.5. Орталық басшысы:

а) Орталық қызметін ұйымдастырады;

ә) Орталықтың мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

б) білім беру, ғылыми және жобалық қызметті бағдарлайды;

в) Компаниямен және өзге де әріптестермен өзара іс-әрекетті қамтамасыз етеді;

г) Орталық қызметінің жоспарларын әзірлеуге қатысады;

ғ) іс-шаралардың орындалуын және нәтижелерге қол жеткізуді бақылайды.

*Компания тарапынан Орталық координаторы*

7.6. Индустриялық әріптестің Орталық қызметіне қатысуын қамтамасыз ету үшін Компания тарапынан Орталық координаторы тағайындалады.

7.7. Компания тарапынан Орталық координаторы:

а) Компания мамандарының білім беру процесіне қатысуын қамтамасыз етеді;

ә) білім алушылардың қолданбалы жобаларға қатысуын бағдарлайды;

б) кейстер банкі мен дата-хаб үшін материалдар ұсынуды қамтамасыз етеді;

в) білім беру және әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысады;

г) Орталықтың кәсіби ортамен өзара іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

*Орталықтың Жұмыс тобы*

7.8. Білім беру, ғылыми және жобалық міндеттерді іске асыру үшін Орталықтың жұмыс тобы құрылады.

7.9. Жұмыс тобының құрамына мыналар кіреді:

а) Университет оқытушылары;

ә) Компания мамандары;

б) өзге де сарапшылар мен жобаға қатысушылар.

7.10. Жұмыс тобы білім беру мен ғылыми бастамаларды әзірлеуді және іске асыруды, білім алушылардың жобаларға қатысуын және Орталық міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді.

*Орталық қызметіне қатысушылар*

7.11. Орталық қызметіне қатысушылар:

а) Университет білім алушылары;

ә) профессорлық-оқытушылар құрамы;

б) Компания мамандары;

в) Орталық қызметін іске асыруға тартылатын өзге тұлғалар.

7.12. Орталық қызметіне қатысушылар Орталықтың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес білім беру, ғылыми және жобалық қызметке тартылады.

## **8. ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ**

8.1. Орталық қызметін басқару оның мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыруды, Университет пен Компанияның өзара іс-әрекетін бағдарлауды, сондай-ақ жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

8.2. Орталықты басқару үдерістік тәсіл, жауапкершілікті бөлу, нәтижеге бағдарлану және қызметті үздіксіз жетілдіру қағидаттарына негізделеді.

8.3. Орталық қызметі оның мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ даму стратегиясының негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленетін жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

8.4. Орталық қызметін жоспарлау мыналарды қамтиды:

а) жұмыс барысының басым бағыттарын айқындау;

ә) білім беру, ғылыми және жобалық іс-шаралар тізбесін қалыптастыру;

б) іс-шараларды іске асыру мерзімдерін белгілеу;

в) Орталық қызметіне қатысушылар арасында жауапкершілікті бөлу.

8.5. Орталықтың жұмыс жоспарларын Орталық басшысы Компания тарапынан Орталық бағдарлаушысының қатысуымен әзірлейді және Университет белгіленген тәртіппен бекітеді.

8.6. Орталық қызметін іске асыру оқу сабақтарын өткізу, жобаларды жүзеге асыру, зерттеулер жүргізу, тәжірибелер мен тағылымдамаларды ұйымдастыруды қоса алғанда, білім беру, ғылыми және қолданбалы іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

8.7. Орталық қызметін үйлестіру Орталық басшысы мен Компания тарапынан Орталық бағдарлаушысының өзара іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

8.8. Орталық қызметіне қатысушылардың өзара іс-әрекеті осы Ережеде айқындалған функциялар мен жауапкершілікті бөлу негізінде жүзеге асырылады.

8.9. Орталық қызметін ұйымдастыруға қатысты шешімдер Орталық басшысы өз өкілеттігі шеңберінде, Компания тарапынан Орталық бағдарлаушысының ұсыныстарын ескере отырып қабылдайды.

8.10. Университеттің білім беру процесіне қатысты шешімдер Университетте белгіленген рәсімдерге сәйкес қабылданады.

8.11. Университет пен Компания арасында келісуді талап ететін мәселелер Тараптардың ынтымақтастық туралы келісімінде белгіленген өзара іс-әрекеті шеңберінде шешіледі.

8.12. Орталықта жоспарланған іс-шаралардың орындалуына, белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуге және білім беру мен ғылыми қызмет сапасына бақылау жүзеге асырылады.

8.13. Орталық қызметін бақылау мыналарды қамтиды:

- а) жұмыс жоспарларының орындалуын мониторингтеу;
- ә) білім беру және ғылыми қызмет нәтижелерін бағалау;
- б) білім алушылардың жобалар мен зерттеулерге қатысуын талдау.

8.14. Орталық өз қызметіне жүйелі талдау жүргізіп, ауытқуларды анықтау, тиімділікті бағалау және жетілдіру бағыттарын айқындау мақсатында жұмыс істейді.

8.15. Талдау нәтижелері негізінде білім беру процесінің сапасын арттыруға, ғылыми қызметті дамытуға және кәсіби ортамен өзара іс-әрекетін жақсартуға бағытталған іс-шаралар әзірленеді және іске асырылады.

8.16. Орталық өз қызметін білім беру жүйесі мен экологиялық саланың талаптарының өзгерістеріне бейімдеуді, сондай-ақ білім беру процесіне жаңа тәсілдер мен құралдарды енгізуді қамтамасыз етеді.

## **9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

9.1. Орталық қызметі Университет пен Компанияның өзара өзара іс-әрекет негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте әрбір тарап өз өкілеттіктері шегінде өз функцияларын орындайды және жауапкершілік көтереді.

9.2. Функциялар мен жауапкершілікті бөлу Орталықтың мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыруға, сондай-ақ білім беру мен кәсіби ортаның тұрақты өзара іс-әрекет моделін қалыптастыруға бағытталған.

*Университеттің функциялары мен жауапкершілігі*

9.3. Университет өз құрылымы шеңберінде Орталықтың жұмыс істеуіне ұйымдастырушылық және білім беру жағдайларын қамтамасыз етеді.

9.4. Университет:

- а) Орталық қызметін білім беру процесіне интеграциялауды қамтамасыз етеді;
- ә) білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және өзектендіруді ұйымдастырады;
- б) профессорлық-оқытушылар құрамының Орталық қызметіне қатысуын қамтамасыз етеді;
- в) білім алушылардың білім беру және ғылыми қызметіне басшылық жасайды;
- г) оқу сабақтарын, практикаларды және өзге де оқу нысандарын ұйымдастырады;
- ғ) білім беру процесінің сапасын бақылауды жүзеге асырады;
- д) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

9.5. Университет жауапты болады:

- а) білім алушыларды даярлау сапасы үшін;
- ә) білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарға сәйкестігі үшін;
- б) оқу процесін ұйымдастыру және оның әдістемелік қамтамасыз етілуі үшін;
- в) академиялық және нормативтік талаптардың сақталуы үшін.

*Компанияның (EcoProf KZ) функциялары мен жауапкершілігі*

9.6. Компания Орталықтың индустриялық әріптесі ретінде әрекет етеді және оның қызметінің практикаға бағытталған және қолданбалы құрамдас бөлігін іске асыруға қатысуды қамтамасыз етеді.

9.7. Компания:

- а) білім беру процесіне мамандардың қатысуын қамтамасыз етеді;
- ә) экологиялық кейстер банкі үшін материалдар ұсынады
- б) экологиялық дата-хабты қалыптастыруға ықпал етеді;
- в) білім алушылардың қолданбалы жобаларға қатысуын қамтамасыз етеді;
- г) білім алушылардың тәжірибеден өтуі мен тағылымдамаларын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

ғ) әдістемелік және білім беру материалдарын әзірлеуге қатысады;

д) Орталықтың кәсіби ортамен өзара іс-әрекетін қамтамасыз етеді

9.8. Компания жауапты болады:

а) ұсынылатын материалдар мен деректердің дұрыстығы үшін;

ә) білім беру процесіне сараптамалық қатысудың сапасы үшін;

б) білім алушылардың практикалық қызметке қатысуына жағдай жасау үшін;

в) Ынтымақтастық туралы келісімде белгіленген өзара іс-қимыл шарттарының сақталуы үшін.

*Тараптардың бірлескен жауапкершілігі*

9.9. Университет пен Компания бірлесіп мыналарды қамтамасыз етеді:

а) Орталықтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру;

ә) мамандарды практикаға бағыттап даярлау моделін дамыту;

б) білім беру, ғылыми және қолданбалы қызметті интеграциялау;

в) экологиялық кейстер банкі мен дата-хабты қалыптастыру және дамыту;

г) білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметіне қатысуы;

ғ) кәсіби қауымдастықпен өзара іс-әрекетті дамыту.

9.10. Тараптар Орталық қызметі шеңберінде өзара іс-әрекеттің келісімділігін, ақпарат алмасуды және қызметті үйлестіруді қамтамасыз етеді.

9.11. Тараптардың өзара іс-әрекеті осы Ереже мен Ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

## **10. ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

10.1. Орталық қызметі экология саласында білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру, ғылыми және қолданбалы міндеттерді іске асыру мақсатында ұйымдастырылады.

10.2. Орталық өз жұмысын Орталық басшысы әзірлейтін күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізеді. Күнтізбелік жоспар Университетпен белгіленген тәртіпте Компаниямен келісу арқылы қаралып, бекітіледі.

10.3. Орталықтың жұмыс тобы қызметті мониторингтеуді жүзеге асырады және Орталық жұмысы туралы есептерді кемінде 6 айда бір рет тындайды.

10.4. Орталық қызметін ұйымдастыру Университеттің білім беру процесі шеңберінде, қолданыстағы білім беру бағдарламаларының талаптарын ескере отырып және индустриялық әріптес ретінде Компанияның қатысуымен жүзеге асырылады.

10.5. Орталықтың білім беру қызметі дәрістер, практикалық және зертханалық сабақтар, семинарлар, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған өзге де оқыту нысандары арқылы іске асырылады.

10.6. Орталықтың білім беру процесінде келесі практикаға бағытталған оқыту әдістері қолданылады:

а) нақты экологиялық кейстерді талдау;

ә) жобалық тапсырмаларды орындау;

б) экологиялық деректермен жұмыс істеу;

в) білім алушылардың қолданбалы міндеттерге қатысуы.

10.7. Білім алушылардың зерттеу қызметі үздіксіз зерттеу даярлығы моделіне сәйкес ұйымдастырылады, бұл жеке зерттеу тақырыбын кезең-кезеңімен дамытуды көздейді.

10.8. Білім алушылардың зерттеу қызметінің нәтижелері курстық жұмыстарды, ғылыми жарияланымдарды және білікті бітіру жұмыстарын дайындау кезінде пайдаланылады.

10.9. Орталық Компанияның және өзге де әріптестердің қатысуымен жүзеге асырылатын қолданбалы экологиялық жобаларға білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етеді.

10.10. Жобалық қызмет экологиялық деректерді талдау, шешімдер әзірлеу және кәсіби қызметке қатысуға байланысты тапсырмаларды орындауды қамтиды.

10.11. Жобалық қызмет білім беру процесіне интеграцияланады және білім алушыларды даярлаудың бір бөлігі болып табылады.

10.12. Орталық білім алушылардың оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибелерін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

10.13. Тәжірибелер мен тағылымдамалар Университет, Компания және Орталық қызметіне қатысатын өзге ұйымдар базасында өткізіледі.

10.14. Тәжірибелер мен тағылымдамалар барысында білім алушылар нақты кәсіби міндеттерді орындауға қатысып, практикалық дағдыларын қалыптастырады.

10.15. Орталықтың білім беру және зерттеу қызметінде іске асырылған жобалар материалдарын қамтитын экологиялық кейстер банкі пайдаланылады.

10.16. Орталық білім алушылардың нақты деректермен жұмыс істеуі, оларды талдау және түсіндіруі үшін экологиялық дата-хабты пайдалануды қамтамасыз етеді.

10.17. Кейстер мен деректерді пайдалану білім алушылардың аналитикалық және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

10.18. Орталық қызметіне қатысушылардың өзара іс-әрекеті білім беру процесі, ғылыми зерттеулер және жобалық қызмет шеңберінде жүзеге асырылады.

10.19. Орталық білім алушылардың, оқытушылардың және Компания мамандарының өзара іс-әрекетін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

10.20. Білім беру процесіне қатысушылардан алынатын кері байланыс Орталық қызметін жетілдіру үшін пайдаланылады.

## **11. ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН НОРМАТИВТІК-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

11.1. Орталықтың қызметі білім беру, ғылыми және қолданбалы қызметті ұйымдастыруды, басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін нормативтік және әдістемелік құжаттар жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

11.2. Нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету Орталық қызметін жүзеге асыруда бірыңғай тәсілдерді қалыптастыруға, мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етуге және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

11.3. Орталықтың нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесінде әртүрлі деңгейдегі құжаттар пайдаланылады, соның ішінде:

- а) Университеттің нормативтік құжаттары;
- ә) тараптардың өзара іс-әрекетін реттейтін құжаттар;
- б) Орталықтың әдістемелік құжаттары;
- в) регламенттеуші және рәсімдік құжаттар.

11.4. Орталық қызметін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға мыналар жатады:

- а) осы Ереже;
- ә) Университет пен Компания арасындағы ынтымақтастық туралы Келісім;
- б) Университеттің ішкі нормативтік құжаттары;

в) білім беру және ғылыми қызметті реттейтін өзге де құжаттар.

11.5. Орталықта білім беру моделін тиімді іске асыру мақсатында әдістемелік құжаттар әзірленеді және қолданылады.

11.6. Әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

а) білім алушыларды үздіксіз зерттеу даярлығын ұйымдастыру әдістемесі;

ә) білім алушылардың кәсіби құзыреттерін бағалау әдістемесі;

б) білім беру үдерісінде экологиялық кейстер банкін пайдалану әдістемесі;

в) экологиялық дата-хабпен жұмыс істеу әдістемесі;

г) білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

11.7. Орталықтың әдістемелік құжаттары Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі.

11.8. Әдістемелік құжаттар білім беру стандарттарының талаптарын, экологиялық саланың ерекшеліктерін және Орталық қызметінің мақсаттарын ескере отырып әзірленеді.

11.9. Орталықта жекелеген үдерістер мен қызмет түрлерін орындау тәртібін айқындайтын регламенттеуші құжаттар әзірленеді және қолданылады.

11.10. Мұндай құжаттарға мыналар жатады:

а) білім алушылардың қолданбалы жобаларға қатысу регламенті;

ә) практика мен тағылымдаманы ұйымдастыру регламенті;

б) Орталық қызметіне қатысушылардың өзара іс-әрекеті регламенті;;

в) қызмет нәтижелерін бағалау және мониторинг жүргізу рәсімдері.

11.11. Орталықтың нормативтік және әдістемелік құжаттары білім беру жүйесінің талаптарының өзгеруін, экологиялық саланың дамуын және Орталық қызметінің нәтижелерін ескере отырып, тұрақты түрде талданады және жаңартылады.

11.12. Құжаттарды жаңарту Орталық қызметінің тиімділігін арттыру және белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

11.13. Нормативтік-әдістемелік құжаттарды қолдану Орталық қызметін іске асыру тәсілдерінің бірізділігін, үдерістердің ашықтығын және нәтижелерді бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

## **12. ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

12.1. Орталықтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін материалдық-техникалық, ақпараттық, кадрлық және ұйымдастырушылық ресурстарды қамтитын ресурстық қамтамасыз ету кешені қалыптастырылады.

12.2. Ресурстық қамтамасыз ету білім беру, ғылыми және қолданбалы қызметті жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, сондай-ақ мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

12.3. Орталықтың қызметі Университеттің биология-география факультетінің базасында, №317 мамандандырылған аудиторияда жүзеге асырылады.

12.4. Орталық аудиториясы оқу сабақтарын өткізуге, білім алушылардың жұмысына, жобалық және зерттеу қызметін іске асыруға пайдаланылады.

12.5. Орталықтың материалдық-техникалық қамтамасыз етуі мыналарды қамтиды:

а) білім алушылар мен оқытушыларға арналған жұмыс орындары;

ә) компьютерлік техника (ноутбуктер және өзге де құрылғылар);

б) сабақ өткізуге арналған мультимедиялық жабдық;

в) деректерді сақтау және өңдеу құралдары.

12.6. Орталық қызметінде білім беру, талдамалық және зерттеу міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдар пайдаланылады.

12.7. Бағдарламалық қамтамасыз ету мыналарды қамтуы мүмкін:

- а) геоақпараттық жүйелер (ГАЗ);
- ә) деректерді статистикалық талдауға арналған бағдарламалық өнімдер;
- б) мамандандырылған экологиялық есептеу бағдарламалары;
- в) деректерді өңдеу және визуализациялау бағдарламалық құралдары.

12.8. Орталық білім алушыларға оқу, зерттеу және жобалық міндеттерді орындау үшін қажетті ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

12.9. Орталықтың кадрлық қамтамасыз етілуі мына мамандардың қатысуы арқылы қалыптастырылады:

- а) Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы;
- ә) Компания мамандары;
- б) білім беру және ғылыми қызметті іске асыруға тартылатын өзге де сарапшылар.

12.10. Кадрлық ресурстар білім беру үдерісін, ғылыми зерттеулерді және қолданбалы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

12.11. Орталық қызметі Университет пен Компанияның өзара іс-әрекеті есебінен, оның ішінде олардың ұйымдастырушылық және кәсіби ресурстарын пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

12.12. Орталық қызметі шеңберінде мыналар пайдаланылады:

- а) Компанияның жобалары мен практикалық тәжірибесі;
- ә) Университеттің ғылыми және білім беру әлеуеті;
- б) кәсіпорындармен және ұйымдармен серіктестік байланыстар.

12.13. Орталықтың ресурстық қамтамасыз етілуі қызмет ауқымының кеңеюін, жаңа білім беру және ғылыми бағыттардың енгізілуін, сондай-ақ оқу үдерісінің қажеттіліктерін ескере отырып, дамытылып, жетілдіріледі.

12.14. Ресурстық базаны дамыту Университет пен Компанияның өзара іс-әрекеті шеңберінде, сондай-ақ белгіленген тәртіппен қосымша ресурстарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

### **13. ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ**

13.1. Орталық қызметінің тиімділігін бағалау оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру нәтижелілігін анықтау, мамандарды даярлау сапасын арттыру және білім беру моделін жетілдіру мақсатында жүзеге асырылады.

13.2. Орталық қызметінің тиімділігін бағалау жүйелік тәсілге негізделеді, ол білім беру, ғылыми және қолданбалы қызмет нәтижелерін мониторингілеуді, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби құзыреттерінің даму динамикасын талдауды көздейді.

13.3. Орталық қызметі шеңберінде білім алушыларды даярлауды бағалау жүйесі іске асырылады, ол кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейін жыл сайын мониторингілеуге негізделген.

13.4. Бағалау 2026 жылы «Экология» білім беру бағдарламасына қабылданған білім алушылар қатарынан құрылған бақылау тобына қатысты жүргізіледі.

13.5. Білім алушыларды даярлауды бағалау мыналарды қамтиды:

- а) теориялық білім деңгейін талдау;
- ә) практикалық дағдыларды бағалау;
- б) білім алушылардың жобалық қызметке қатысуын талдау;
- в) зерттеу құзыреттерін бағалау;
- г) кәсіби қызметке дайындық деңгейін талдау;
- ғ) түлектердің жұмысқа орналасуы.

13.6. Бағалау білім алушылардың бүкіл оқу кезеңдері бойы тұрақты түрде жүргізіледі.

13.7. Бақылау тобындағы білім алушыларының даярлық нәтижелері Орталықтың қатысуынсыз оқыған алдыңғы жылдардағы түлектер көрсеткіштерімен салыстырылады.

13.8. Салыстырмалы талдау Орталық қызметінің мамандарды даярлау сапасына әсерін анықтауға және білім алушылардың кәсіби құзыреттер деңгейіндегі өзгерістерді айқындауға мүмкіндік береді.

13.9. Орталық қызметінің тиімділігі сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы негізінде бағаланады.

13.10. Негізгі тиімділік көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- а) білім алушылардың практикалық және жобалық қызметке қатысу деңгейі;
- ә) курстық және бітіру жұмыстарының орындалу сапасы;
- б) білім алушылардың ғылыми зерттеулерге қатысуы;
- в) кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейі;
- г) түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
- ғ) жұмыс берушілердің бағасы.

13.11. Орталықта қызмет нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізіледі, оған жоспарлардың орындалуын талдау, белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу және білім беру үдерісінің сапасын бағалау кіреді.

13.12. Мониторинг нәтижелері сәйкессіздіктер мен ауытқуларды анықтауға, олардың себептерін айқындауға және түзету шараларын әзірлеуге пайдаланылады.

13.13. Бағалау және талдау нәтижелері негізінде білім беру моделін жетілдіруге, мамандарды даярлау сапасын арттыруға және Орталық қызметін дамытуға бағытталған іс-шаралар әзірленіп, іске асырылады.

13.14. Орталық өз қызметін білім беру жүйесі мен экологиялық саланың талаптарының өзгерістеріне бейімдеуді қамтамасыз етеді.

## **14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

14.1. Осы Ереже белгіленген тәртіппен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

14.2. Орталықтың қызметі осы Ереже мен Университет пен Компания арасындағы ынтымақтастық туралы Келісімге сәйкес, Компанияның қатысуымен Университеттің ұйымдастырушылық құрылымы шеңберінде тұрақты негізде жүзеге асырылады.

14.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Орталық қызметінің дамуын, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының өзгеруін, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын ескере отырып, қажеттілігіне қарай енгізіледі.

14.4. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды Университет немесе Компания бастамашылық ете алады және олар белгіленген тәртіппен қаралады.

14.5. Осы Ережеге енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

14.6. Осы Ереженің талаптарының сақталуын және Орталық қызметін ұйымдастыруды бақылау Университет тарапынан жүзеге асырылады.

14.7. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университет Жарғысына және Университет пен Компания арасындағы ынтымақтастық туралы Келісімге сәйкес шешіледі.



